**Кәсіптік оқуға жолдама берілген жұмыссыздармен мақсатты топтағы азаматтардың жол жүру, тамағына, тұрған орнына, медициналық куәландыру шығындарын өтеу Ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімиятының 2005 жылғы 22 ақпандағы N 990 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 14 наурызда N 2217 тіркелді. Күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімі аппаратының 2009 жылғы 24 сәуірдегі N 1/1195 хатымен

*Ескерту. Күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімі аппаратының 2009.04.24 N 1/1195 хатымен.*

Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтарындағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтарындағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармақ, 13-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген, кәсіптік дайындықты ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібі, жұмыссыздардың дәрежесін көтеру және қайта даярлауда Шемонаиха ауданының әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіптік оқуға жолдама берілген жұмыссыздармен мақсатты топтағы азаматтардың жол жүру, тамағына, тұрған орнына, медициналық куәландыру шығындарын өтеу туралы берілген Ереже бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Е.Желдібаевқа жүктелсін.

*Шемонаиха ауданының әкімі*

Шемонаиха ауданы әкімиятының 2005 жылғы 22 ақпандағы N 990 қаулысына қосымша

**Кәсіптік оқуға жіберілген, жұмыссыздарды медициналық куәландыру басқа да мақсатты топқа кіретін жұмыспен қамтылмаған азаматтардың тұрғанына, тамағына, жол жүру шығындарын өтеу ЕРЕЖЕСІ**

Осы ережелер "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген жұмыссыздардың кәсіптік дайындықтарын, біліктіліктерін арттыру мен қайта даярлауын ұйымдастыру және қаржыландыру Ережелерімен және басқа да заңдар актілеріне сәйкес әзірленген.

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережеде қолданылған негізгі түсініктер:

1) мәлімдеуші-шығынды өтеуге ниет білдірген және кәсіптік оқуға жіберілген жұмыссыздар, немесе мақсаттық топтағы жұмыспен қамтылмаған азаматтар;

2) өтемақыны қайтару-медициналық куәландыруға, және тұрғанына, тамағына, жол жүру ақысын мәлімдеуші толық немесе бөлшектеп төлейді;

3) Шемонаиха ауданы әкімиятымен белгіленген мақсаттық топқа кіретін, жергілікті жұмыспен қамтылмағандарға жататын, еңбекке бейімді жастағы азаматтар "Шемонаиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесіне қатынасады.

2. Тұрғылықты жерінде оқымайтын мәлімдеушінің, тұрғанына, оқу орнына дейінгі жол ақысы және облыс шегіндегі шығыны өтеледі.

3. Медициналық куәландыру, тұрғанына, тамағына оқу орнына дейінгі жол ақысы және облыс шегіндегі шығын өтемі. "Шемонаиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі бойынша жүзеге асады.

4. Кәсібі бойынша оқуға жіберілген кәсіби жарамдылығын талап етуге, медициналық куәландіруге шығын өтемін мәлімдеуші нәтижесіне қарамай төлейді.

5. "Шемонаиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жолдамасымен мәлімдеуші медициналық куәландіруден өтеді.

6. Мәлімдеуші құжаттарды тапсырған кезден бастап, оқудың аяқталуына бір ай қалғанға дейін шығын өтемақысын жүзеге асыра алады.

7. "Шемонаиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесіне ресми тіркелген мақсаттық топтағы жұмыспен қамтылмаған азаматтар, басқа да жұмыссыздар шығын өтемақысын өтеуге құқығы бар және қайта даярлауға, дәрежесін көтеруге кәсіптік оқуға жолдама береді.

**2. Шығын өтемін алудың үндеу тәртібі**

8. Мәлімдеуші "Шемонаиха ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі жазбаша түрінде өтініш береді

және құжаттарын ұсынады.

9. Мәлімдеуші Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес өтiнiште көрсетілген құжаттардың мәліметтерінің толықтылығына жауап береді.

**3. Қажетті құжаттардың тізбесі**

10. Шығын өтемі толық өндіріледі:

1) Тұрғылықты жеріндегі банктен ашылған есеп шот нөмірі, жазбаша түрде өтініш, СТН нөмірі, жеке куәлігінің нөмірі, тұрғылықты жерінің мекенжайы;

2) тұрғылықты жерден оқу орнына дейінгі жол жүру ақысы туралы (таксиден басқа), адам тасымалдау көлігі, теміржол көлігіне жол жүру құжаттары, мекеменің анықтамасында көрсетіліп жүзеге асырылған көліктер түрлері;

3) медициналық куәландырудан өткені туралы төлем құжаты-кассалық чек және есепшот-фактурасы.

**4. Шығын өтемі мөлшері**

11. Шығын өтемі толық өндіріледі:

1) медициналық куәландыруға-бекітілген құжаттармен тексеру құны;

2) оқу орнына дейінгі және облыс шегіндегі-құжаттарда бекітілген жол жүру құны.

12. Тұрғанына шығын өтемі мөлшері бөлшектеліп төленеді:

1) мәлімдеуші оқу кезінде Өскемен, Семей қалаларында жатақханада көрсетілген төлем құжаттары (кассалық чек және фактура есеп-шоты), бір айда үш айдан кем емес есеп шот көрсеткіші. Жалдап алынған тұрғын жайда тұрғындарға бір айда үш айдан кем емес есеп шот көрсеткіші шығарылады пәтер жалдап алушы және тұрғын үй иесінің өзара келісілген келісім шартты ұсынады;

2) басқа жергілікті пункттерде, басқа қалалардағы мәлімдеушілердің жатақханада тұрғанына ұсынылған құжаттар бойынша (кассалық чек және фактура есеп шоты), бір айда екі айлық есеп шот көрсеткіші шығарылады. Жалдап алынған тұрғын жайда тұрғындарға бір айға екі айлық есеп шот көрсеткіші шығарылады. Жалдап алынған тұрғын жай ұсынылған келісіммен пәтер жалдап алушы және тұрғын үй иесінің өзара келісілген келісім-шарттың ұсынады.

13. Өскемен және Семей қалаларында оқығандарға тамаққа шығын өтемі бір айға үш айлық есеп шот көрсеткіші шығарылады, басқа жергілікті пункттерде бір айға екі айлық есеп көрсеткіші шығарылады.

**5. Шығын өтемін төлеу тәртібі**

14. Шығын өтемін төлеу халықты жұмыспен қамту Бағдарламасын орындауға қарастырылған аудандық бюджет құрамы есебінде жүзеге асады.

15. Тұрғылықты орнының жартылай шығынын төлеу, айдын аяғында немесе ай-сайын өндіріледі.

16. Төлемақыға кеткен шығын ай-сайын өндіріледі.

17. Медициналық куәландыруға, оқу орнына дейінгі жол ақысы және облыс шегіндегі толық өтемі, құжаттарын ұсынған кезден бастап ай ішінде өтеледі.

18. Мәлімдеушіге өткен шығынның толық немесе жартылай төлеу есеп-шотқа шағылған ақшалай түрде жүзеге асады.

*Шемонаиха ауданының әкімі аппаратының басшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК